

ӘОЖ 159.923

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ БУЛЛИНГКЕ ТҮСУ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Абуталипова Айжан Даулетовна

aizhan1099@mail.ru

5B050300 «Психология» мамандығының 4 курс студенті Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Аубакирова Ж.К

Буллинг – ұжымның бір мүшесінің басқалары тарапынан агрессивті түрде қудалануы. Буллингті әдетте, бір лидер ұйымдастырады, ал қалғандары сыбайластары болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, буллингте үш тарап болады:агрессор, құрбан және куәгер. Қазіргі уақытта, буллингтің өршігені соншалық оның бірнеше түрлерін бөліп көрсетеді:

- топтық буллинг – ұжымның микроқауымдастықтары немесе басым көпшілігінің бір мүшесін қыспаққа алуы;
- моббинг – жұмыс беруші не әріптестері тарапынан агрессивті қудалауға ұшырау;
- кибербуллинг – интернет арқылы, хабарламалар арқылы, әлеуметтік желілер арқылы психологиялық формада агрессия таныту.

Жалпы алғанда, буллингтің екі негізгі формасы бар:

- психологиялық түрі – мазақтау, келемеждеу, жала жабу, оқшаулау, көзге ілмеу, бопсалау және т.б.

- физикалық түрі – ұрып соғу, зомбылық көрсету, мүлкін құрту не тартып алу және т.б.

Ғалымдар әдетте буллингті зорлық-зомбылықты жиі агрессияның бір бөлігі ретінде қарастырады, ал кейде бұл ұғымдар ғалымдардың жұмыстарында синонимдер ретінде көрінеді. Орыс ғалымы Л. С. Алексеева зорлық – зомбылыққа осындай анықтама береді : «бұл күш пен билікті өзіне немесе басқаға бағытталған мақсатта қолдану, бұл жағдайда нәтиже физикалық немесе психологиялық залал болып табылады»[2, б. 74]. Мұндай анықтама агрессия мен зорлық-зомбылық ұғымын іс жүзінде теңестіреді.

Зорлық-зомбылық сияқты агрессивті мінез-құлықтың құрамдас бөлігін егжей-тегжейлі талдау қажет. Зорлық-зомбылық феноменінің айналасында қарама-қайшы пікірлер көп, сондықтан әлі күнге дейін агрессиямен бірдей жалпы танылған анықтама жоқ.

Буллинг мәселесі қазіргі уақытта өзекті болып табылады, оны білім беру ортасындағы психологиялық климат проблемасымен өзара байланыста зерттеу қажет. Мектептегі зорлық-зомбылық фактілері ұзақ уақыт байқалғанына қарамастан, осы кезеңде ғылыми білім жүйесінде әлі нақты, жалпы танылған профилактикалық, реттейтін және түзету бағдарламалар жоқ. Д. А. Лэйн мектепте алған психологиялық травманы шешу проблемасы күрделі екенін жазады, өйткені бұл кешенді құбылыс және балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуінің көптеген аспектілерін қозғайды деп пайымдаған [30. с. 5].

Демек, буллингті шешу кезінде осы процеске қатысушылардың психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ басқалармен өзара әрекеттесу кезінде агрессияның рөлін түсіну және агрессивті мінез-құлықтың әлеуметтік реттеушілері сияқты сыртқы факторларды ескеру қажет.

К. Бютнер шартты түрде агрессивті әрекеттердің көріністерін үш топқа бөледі: тыйым салынатын, рұқсат етілетін және шартты түрде рұқсат етілетін агрессия [11, 38 б.].

Агрессияға тыйым салынатын бірінші топқа объективті емес іс-әрекеттер және қоғам тарапынан жазалау мен соттауға әкелетін әрекеттер жатады. Бұл агрессияның нәтижесі физикалық немесе психологиялық зиян келтіру болып табылады. Егер, агрессия жеке адамға объективті қауіп тудырса, агрессияның бұл түрі санкцияға әкелмейді, бірақ кемсіту сезімін тудыруы ықтимал.

Шартты түрде рұқсат етілген агрессияның басқалардан айырмашылығы – мақсатының моральды зиян келтіру болып табылады. [80, 142 б.]. Шартты түрде рұқсат етілген агрессия жеке топқа болады, себебі объективті негізі жоқ, физикалық немесе моральдық зиян келтіріледі және заң тарапынан санкциялық салдары болмайды. Д. Н. Гриненко айтуынша, бұл агрессияның буллинг түрінде көрінуі [17, б. 18]. Жоғарыда атап өткендей, буллинг процессіне үш тарап қатысады: құрбан, буллиер (агрессор) және куәгерлер. Д. Н. Гриненко бойынша, куәгерлердің жай ғана бақылауы олардың агрессивті қудалауды еш айыптамайтынын көрсетеді. Бұл өз кезегінде, олардың бойындағы агрессияның өсуіне алып келеді.[17, 19 б.]. Егер буллинг актісі, сыныпта болса, құрбан үшін сыныптастарының үнсіз отырғаны, көмекке ұмтылмағаны ауыр соққы ретінде тиеді. Себебі олардың селкос қарауы – агрессордың күшін арттырады. Нәтижесінде, агрессор сыныптастарын қорқынышта ұстайды, куәгерлер құрбан болмауы үшін әрекеттер жасамайды, құрбан қолдаусыз қорлануды жалғастырады. Ал, агрессор болса, ықпалын арттыру мақсатында өз әдістерін бұрынғысынан да қатыгез ете бастайды. Д. А. Кутузованың айтуынша, үлкендер (ата-аналар немесе ұстаздар) агрессордың іс-әрекетіне теріс баға бермесе және сыныптағы келеңсіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдаса, агрессивті мінез-құлық балада одан әрі бекітіледі [28, 75 б.]. Сонымен қатар, Е. А. Пономаревтің айтуынша, агрессор үшін жазалау мен айыптаудың болмауы құрбанның жағдайын қиындатады, ал куәгерлердің агрессормен үнсіз келісімі агрессор жағында ойнайды [39, б.37].

О. А. Гребенникова мен М. И. Добролюбованың айтуынша, бақылаушылар сыныпта құрбанның жағдайына түсуден қорқады, сондықтан өз сезімдерін көрсетпейді немесе

көрінбейді. Олар бұл жағдайда зардап шегушіге зиян келтірмеу үшін не істеу керектігін білмейді [16, б. 3].

Н. М. Knoff буллингтің басқа себептерді атап өтеді: ол құрбанның өзі осындай әрекетке қарсы емес екендігін, яғни құрбан болған ұнайтындығын көрсетеді. Кейбір ғалымдар құрбанның жағдайы құрбанның өзіне пайдалы екенін айтады. Мұндай жағдай сирек болса да, ол шын мәнге ие [71, б. 167].

Мектептегі психологиялық травманың дамыту функциясы бар деген қате болжам да бар. Д. Лэйннің пікірі бойынша кейбір педагогтар буллингті құрбанның коммуникативтік дағдыларын үйретудің жақсы тәсілі деп санайды. Бұл жағдайда құрбандық агрессивті әрекеттерге қарсы тұруға үйренеді және жаңа дағдыға ие болады, немесе басқа мектепке ауысады [30, б. 6]. Шартты түрде рұқсат етілген агрессия буллингтің барлық қатысушыларына, әсіресе "құрбандарға" теріс әсер етеді. Проблеманы шешудің тұрақты эмоциялық шиеленіс және нәтижесіз тәсілдері өзін-өзі бағалауы төмен, үрейленудің жоғары деңгейіне, құрдастарымен өзара іс-қимыл жасаудан және айналадағылармен өзара іс-қимылдың конструктивті тәсілдерінің қалыптаспауына алып келеді. Сондай-ақ, құрбанның жағдайды шешудің түбегейлі тәсілдерін таңдайтын мүмкіндігі бар: суицид немесе девиантты мінез-құлық.

Буллиерде агрессивті әрекеттерді бекітуден басқа, мектептегі оның жеке дамуына әсер ететін басқа да келеңсіз жағдайлар пайда болады. Мысалы, конструктивті өзара қарым-қатынасты құру дағдыларының қалыптаспауы, өзара іс-қимыл кезінде мақсатқа күш салу басымдық болып табылады. Басқа агрессор қарым-қатынаста үстем жағдайға ие болады немесе басқа позицияда байланыста болмайды. Бұл адамдармен өзара іс-қимыл жасаудың конструктивті тәсілінің мүмкін еместігіне әкеледі. Болашақта мақсатқа қол жеткізу тәсілдерінің шектеулі саны жеке және кәсіби іске асырылмауына ықпал етуі мүмкін.

Нәтижесінде, шартты түрде рұқсат етілген агрессия кезінде жазалаудың болмауы мектеп жарақатының барлық қатысушыларының жеке дамуына айтарлықтай әсер етеді және сыныпта психологиялық климатты бұзады.

Буллинг кейіннен қоғамға қарсы мінез-құлыққа әкелуі мүмкін. М. С. Прудникова буллингке тек қана дене түріндегі соққы, итеру, соғу, қорқытып алу ғана жатпайтындығын, буллингке сонымен қатар, психологиялық түрде қауесет тарату, төмендету, балағаттау, қорлық көру де жататынын жазған [41, с. 89]. А. Б. Кирюхина «Бұл жағдайда вербалды құралдарды қолдану арқылы психологиялық буллинг дене жарақатына қарағанда құрбанға әлдеқайда теріс әсер етуі мүмкін» деп жазады [26, б.50].

Зерттеушілердің айтуынша, екі сыныптасы бірдей дене күшімен күрескен немесе даулы болған кезде немесе әзіл түрінде болған күрес буллинг жағдайына түскен болып саналмайды. Буллинг-бұл оның еркіне қарсы әлсізге қатысты агрессияның бірнеше рет қайталану жағдайы. Жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, білім беру ортасындағы буллингтің жалпы сипаттамасын анықтаймыз:

- буллинг физикалық, психологиялық немесе эмоциялық зорлық-зомбылық түрінде көрінеді;

- буллинг бұл бір адамның немесе адамдар тобының әлсіз мүшесіне деген әділетсіз әрекеті;

- буллинг әлсіз адамға қарсы физикалық немесе психологиялық, немесе мәртебесі жағынан төмен адамға қарсы бағытталған;

- буллинг мақсатты жүйелі түрде қайталанатын әрекет және мерзімі бойынша ұзақ.

Д.Лэйн: "Буллинг- өзін қорғай алмайтын адамға топ немесе жеке адам тарапынан ұзақ физикалық немесе психологиялық түрде көрсетілген зорлық-зомбылық" деп анықтаған [30, б.10].

Зорлық-зомбылық құрбандарының мазасыздық пен қорқыныштың жоғары деңгейі байқалады, өйткені буллинг ұзақ және жүйелі процесс, сондай-ақ жалғыздық, басымдылық және қоғамнан оқшаулықты сезінеді. Құрбандардың өзін-өзі бағалауы төмен, қоғамнан қашқысы келетін адам ретінде сипатталады, жанжалға түспеуге тырысады, олар қарапайым,

ұялшақ, тұйық және сезімтал, соматикалық әлсіздігімен ерекшеленеді және жиі психосоматикалық аурулары бар болады. Е. Ушакова құрбандар да мазасыздық пен депрессивтілік сезіміне немесе басқа да теріс эмоционалдық көріністерге ие деп жазады [62, б.84]. Бұдан әрі олардың әлеуметтік проблемалары болуы мүмкін, мысалы, басқалардың елемейі жатады.

Жоғарыда айтылған сипаттамалардың негізінде "құрбанның" екі түрін бөліп көрсетуге болады: агрессиясыз және агрессивті. Оларды толығырақ қарастырайық. Д. Олвеустың пікірінше, агрессиясыз "құрбандар" агрессорларға қарсы тұрудың орнына ренжіткіштерден аулақ болуға тырысады. Олар өзіне күтім жасауға бейім және мазасыздықтың жоғары деңгейімен ерекшеленеді, сақ болуға тырысады. Олар агрессивті әрекет көрсетпейді, жиі жалғыз қалуға тырысады [79, б. 74]. "Құрбандардың" мұндай түрі өз қадір-қасиетінің төмен сезімімен зардап шегеді, өзін айыптауға бейім және өзін-өзі бағалау төмен. Е. А. Смирнова және Г. Р. Хузеева агрессивті "құрбандар" өте агрессивті және эмоциялық тұрақсыздықпен сипатталатынын атап өтті. Олар тез реакциямен жауап бере отырып, арандатуға оңай түседі. Теріс эмоциялар кезінде олар жағдайды дұрыс түсіндіре алмайды, бұл агрессияға әкеледі. Бұл жағдайда олар "ренжіткіштерге" ұқсайды және жиі өзінің әлсіз "құрбандығына" ие болады, бірақ жүйелі түрде зорлық-зомбылық әрекеттерін пайдаланбайды, ал өзін-өзі ұстауын жоғалту процесінде агрессия танытады. Сыныптастарды қауіп ретінде қабылдайды және агрессияны кек ретінде қолданады, ол эмоциялық реакция болып табылады [58, б.2].

В.Р.Петросян өзінің зерттеуінде буллингтің қатысушыларының сипаттамаларын жүйелендіріп, келесі көрсеткіштерді атап көрсетті:

- өздігінен қарым – қатынас;
- коммуникативтік дағдылар;
- дұшпандық-агрессивтілік;
- социометриялық мәртебе;
- аффектілік тәжірибе;
- әлеуметтік қолдау;
- жанжалды жағдайдағы мінез-құлық.

Осылайша, агрессия инстинкт ретінде табиғи шығу тегіне ие, бірақ уақыт өте келе мұндай мінез-құлықтың объективті, мағыналы сипатқа ие болады. Буллингтің, жеткіншектік жастағы агрессивті (девиантты) мінез-құлықтың феномені ретінде процесстің барлық қатысушылары үшін жағымсыз салдары бар.

Шетелдік зерттеушілер А.Бандура мен Р.Уолтерс өз баласының агрессиялы әрекетіне аса көңіл бөлмейтін, тіпті қостауға бейім ананың баласы тағы да агрессиялы бола түсетіндігін көрсетеді. Өте көп қолдау алған бала жоғарғы агрессиялы мінез –құлық деңгейін көрсетеді, ата –анасынан, әсіресе әкесінен көп таяқ жеген бала өздерін бірқалыпты ұстап, тіпті тілалғыш болады да, бірақ басқалармен, өз құрдастарымен салыстырғанда жоғарғы агрессиялықпен ерекшеленеді.

Буллинг - бұл мінез-құлық емес, әр түрлі мінез-құлық түрлері байқалатын өзара іс-қимыл түрі, ол жанжалға тән құрылым және ерекше белгілері бар. Жеткіншектік жаста қарым-қатынас процесінің кез келген бұзылуы өте қиынға соғады және тұлғаның дамуына әсер етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алексеева, Л.С. Насилие и психическое здоровье детей [Текст] / Л.С. Алексеева // Семья в России. – 2006. - № 2. – 73-80 с.
2. Бандура, А., Уолтерс, Р. Подростковая агрессия [Текст] / А. Бандура, Р. Уолтерс. – М., 1999. – 226 с.
3. Лэйн, Д.А. Школьная травля (буллинг) [Электронный ресурс] / Д.А. Лэйн. – Режим доступа: <https://www.psyoffice.ru/3548-ljejjn-djevid-a.shkolnaja-travlja-bulling..html> (дата обращения: 24.11.2017).